| 1.Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы |
|---|

**«Актобе облысының білім басқармасының Мұғалжар аудандық білім бөлімі» ММ**
**Сабындыкөл бастауыш мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысы**

**Сабындыкол ауылы** **28.02.2025ж**
**Т.Тлегенов көшесі,12 үй**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) 59 бабының 4-1 тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», «Сабындыкөл бастауыш мектебі » КММ-нің кезектен тыс 2025 ж.08 .01 күнгі кезектен тыс педагогикалық кеңес шешімі 2025 ж 03.02 № 3 н/қ бұйрығының негізінде 03.02- 28.02 аралығында мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып өткізілді. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізуде 2025 ж 09.01 № 3 н/қ бұйрығымен бекітілген комиссиясымен келесі құрамда өткізіледі.

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Жандельдина Гулмира Сакеновна | мектеп меңгерушісі , комиссия төрағасы |
| 2 | Асладин Г.М. | Бастауыш сынып мұғалімі ,комиссия мүшесі |
| 3 | Асладин Г.Б. | Бастауыш сынып мұғалімі ,комиссия мүшесі |

Комиссия құрамы мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына сай берілетін білім беру қызметінің сапасының Қазақстан Республикасының мемлкеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін зерделеп талдады

**Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы)**

«Ақтөбе облысының білім басқармасының Мұғалжар ауданы білім бөлімі» ММ-нің Сабындыкөл бастауыш мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

030703, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Т.Телегенов көшесі үй №12

**Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)**

**Телефон: 8 (71333)3-81-25 ; 3-81-25 факс**

Электронды почта: Sabyndykol@mail.kz; сайты , sabyndykol.mugalzhar.edu.kz

**Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер)**

Жандельдина Гулмира Сакеновна . «Мұғалжар аудандық білім бөлімі»ММ-нің 2008 жылғы 16 қаңтар №3 бұйрығымен мектеп меңгерушісі болып тағайындалған.

ұялы телефоны: 87053259623

**Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар**

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 19 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 17.05.2002 жыл. БСН-020540005238. **Құрылтайшысы:** «Мұғалжар ауданының әкімдігі» мемлекеттік мекемесі. Мектеп жаргысы Ақтөбе облысының әкімдігі 23 желтоқсан №469 ,2020 жылғы қаулысымен бекітілген.

**Рұқсат етуші құжаттар**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны 11.01.2022 жылы №KZ79RVK00037962 берілген.

«Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 07.06.2018 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген № KZ82LAA00012048 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген.

**2.Кадрлық құрамға талдау**

***Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер;***

**2022-2023 оқу жылы.** Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында *2022-2023 оқу жылында* мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 3 педагог (оның ішінде 0 ұйымдастырушы педагог, 0 тәлімгер 0 психолог, 0 әлеуметтік педагог) жұмыс атқарады. 3 педагог ішінде: санаты жоқ -1, екінші санатты-0, бірінші санатты -0, жоғары санатты–0, «педагог-модератор»-1, «педагог-сарапшы»-0, «педагог-зерттеуші»-1, «педагог-шебер» – 0 . Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам 66%.

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны – **3.** «педагог»–0, бірінші санат–0, екінші санат–0, «педагог-сарапшы» –0, «педагог-зерттеуші» –1, «педагог – модератор »-1. Бастауыш сынып бойынша сапалық құрам – 66%-ды құрап отыр.

**2023-2024 оқу жылы.** Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында *2023-2024 оқу жылында* мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 3 педагог (оның ішінде 0 ұйымдастырушы педагог, 0 тәлімгер 0 психолог, 0 әлеуметтік педагог) жұмыс атқарады. 3 педагог ішінде: санаты жоқ -1, екінші санатты -0, бірінші санатты –0, жоғары санатты –0, «педагог-модератор»-1, «педагог-сарапшы»-0 «педагог-зерттеуші»-1. «педагог-шебер» –0. Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам **66 %.**

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны – **3** . «педагог» – 0, «педагог-модератор» – 1, «педагог-сарапшы» – 0, «педагог-зерттеуші» – 1 . Бастауыш сынып бойынша сапалық құрам – **66%**-ды құрап отыр.

**2024-2025 оқу жылы.** Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында *2024-2025 оқу жылында* мектептің апталық

жүктемесіне сәйкес 3 педагог (оның ішінде 0 ұйымдастырушы педагог, 0 тәлімгер 0 психолог, 0 әлеуметтік педагог) жұмыс атқарады. 3 педагог ішінде: санаты жоқ -2, екінші санатты -0, бірінші санатты –0, жоғары санатты –0, «педагог-модератор»-0, «педагог-сарапшы»-1 «педагог-зерттеуші»-0, «педагог-шебер» –0. Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам **33 %.**

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны – **3** . «педагог» – 0, «педагог-модератор» – 0, «педагог-сарапшы» – 1, «педагог-зерттеуші» – 0 . Бастауыш сынып бойынша сапалық құрам – **33%**-ды құрап отыр.

"Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 14 шілдедегі № 339 бұйрығы негізінде білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексерілді. Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының талдауы мектептің қажетті оқу – педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартымен карастырылған барлық пәндер жүргізілген. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек және санитарлық кітапшалары талапқа сай келеді.

**Педагогтардың жас құрамы :**

| Оқу жылы | Қызметкерлер жасы | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **20-30 жас** | **31-40 жас** | **41-50 жас** | **51-60 жас** | **61-ден асқан** |
| 2024-2025 | 1 | 1 | | 1 | |

**Педагог кадрлардың жасы және еңбек өтілі бойынша құрамы :**

| **Оқу жылы** | **Педагог қызметкерлерінің еңбек өтілі** | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **3 жылға дейін** | **3жылдан 15 жылға дейін** | **16 жылдан 25 жылға дейін** | **25 жылдан жоғары** |
| 2024-2025 | - | 1 | 1 | 1 |

***кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер;***

Кемінде бес жылда бір рет біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 13317 болып тіркелген)сәйкес жүзеге асырылған.

**2022-2023 оқу жылында біліктілік санатын алуға өтініш білдірген педагог жоқ .**

**2023-2024 оқу жылында біліктілік санатын алуға өтініш білдірген педагог жоқ .**

**2024-2025 оқу жылында** аталған бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты біліктілік санатын беру немесе растау 2024 жылдың жаз айында өтініш берілген. «Сабындыкөл бастауыш мектебінде » КММ-де 2024-2025 оқу жылында 1 педагог біліктілік санатын растауға өтініш білдірді. Оның ішінде «педагог-зерттеуші» санатына – 1 педагог тиісті біліктілік санатын ала алмады . «Педагог – зерттеуші» санатын растауға өтініш берген Жандельдина Г біліктілік тестінен тиісті балдды жинай алмауы себеп болған . 2024 жылғы педагогтың санатын төмендету туралы бұйрығы негізінде Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі № 72 бұйрығының 55 – тармағы негізінде ПББ (тест) нәтижесінде межелі балл жинамауы себепті өзінде бар санаттың (зерттеушіден) мерзімі өтуіне байланысты 1 сатыға (сарапшыға) төмендетілді .

***білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және/немесе облысты кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер;***

**Зерделеу нәтижелері:** 2022-2023.2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесінің жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі жасалып. бекітілген.

***Кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.***

*Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары ҚР БҒМ 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы ҚР Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 наурызда №13420 болып тіркелді. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, өткізу тәртібін, сондай-ақ олардың қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру, өткізу тәртібін айқындайды. Курстарды өткізу аудиториялық және қашықтықтан оқыту нысандарында әртүрлі бағыттар мен модульдерді игеру арқылы, сондай-ақ оқытатын бейініне сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері үшін кәсіпорындар (ұйымдар) базасында бір рет немесе кезең-кезеңімен жүзеге асырылған.*

**2022-2023 оқу жылында** Білім беру жүйесіндегі біліктілікті арттыру іс-шарасы аса қажетті үрдіс. Бұл кәсіби білім беру жүйесінде педагогтардың күрделі еңбек функцияларын атқаруға бағытталған әлеуетті біліктілігін қалыптастыратын қосымша білім беру түрі. Біліктілікті арттыру мақсаты бұдан бұрын алынған кәсіби білімді тереңдету, мұғалімнің сапалық, іскерлік қасиеттерін жетілдіру және мұғалімнің шығармашылық бағытта өзін-өзі шыңдауына ықпал ету болатыны анық. Осы мақсатта Сабындыкөл бастауыш мектебінде 2022-2023 оқу жылына жасалынған біліктілікті арттыру перспективтік жоспары жасалған.

| *Оқу жылы* | *Барлық педагогтер* | *Базалық курс* | *Инклюзив бойынша* | *Педагогтердің IT құзыреттілігін арттыру* |
|---|---|---|---|---|
| ***2022-2023 о.ж*** | ***3*** | ***0*** | ***0*** | ***0*** |
| ***2023-2024 о.ж*** | ***3*** | ***2*** | ***0*** | ***0*** |
| ***2024-2025 о.ж*** | ***3*** | ***2*** | ***0*** | ***0*** |

**3.Білім алушылар контингенті Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:**

**деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер;**

| **№** | **контингенттің құрылымы** | **2022-2023** | | **2023-2024** | | **2024-2025 (қыркүйек)** | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **жалпы сынып саны** | **оқушылар саны** | **жалпы сынып саны** | **оқушылар саны** | **жалпы сынып саны** | **оқушылар саны** |
| **1** | **Сабындыкөл бастауыш мектебі** | **3** | **5** | **2** | **4** | **2** | **5** |

Сабындыкөл бастауыш мектебіне жылма жыл білім алушылардың келуі бойынша өсім бар.Мектепке қабылданатын білім алушылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» негізінде жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардығы № 93 бұйрығымен (02.11.2018ж №611өзгерісімен) бекітілген білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартына сәйкес білім беру қызметтерін көрсету үшін білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен шарт жасалып отырған.
«Сабындыкөл бастауыш мектебі» ММ-ніне қабылданатын оқушылардың ата-аналарын,оқушыларды ішкі тәртіп ережесімен, Жарғысымен және білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін құжаттармен таныстырылып отырған. Медициналық картасы талап етіліп,алфавиттік кітапқа тіркелгендігі туралы нөмірлері уақытылы берілген.

Сабындыкөл бастауыш мектебі бойынша
2023-2025 оқу жылындағы контингент қозғалысы

| Оқу жылдары бойынша | Барлығы | | 1-4 сыныптар | | Оқушы саны |
|---|---|---|---|---|---|
| | келді | кетті | келді | кетті | |
| 2022-2023 | | 1 | | 1 | 5 |
| 2023-2024 | 1 | 2 | 1 | 2 | 4 |
| 2024-2025 | 1 | 1 | 1 | 1 | 5 |

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге қарағанда оқуға келген және кеткен білім алушылар саны

арасындағы динамикалық тепе-теңдік сақталмайды. Білім алушылардың мектептен кетуінің негізгі себептерінің бірі тұрғылықты жерін ауыстыру болып қала береді.

## 4. Оқу-әдістемелік жұмыс

***Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:***

***-білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі;***

***Зерделеу барысында:***

2022 - 2023 оқу жылында «Сабындыкөл бастауыш мектебі » КММ контингент 1-4 сыныпта 2 класс жиынтығында – 5 оқушыға білім берілген.

***2022-2023 оқу жылында*** ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №182), (28.08. 2020 № 372) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 1-4 қазақ кластар үшін 1-қосымша.негізгі оқу жүктемесі педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитеті шешім қабылданып оқу жұмыс жоспары жасалған. 2022-2023 оқу жылында1-4сыныптардың барлығы жаңартылған білім мазмұны бойынша білім алды.

2022-2023 оқу жылында бастауыш білім беруге 66 сағат. 5 апталық жүктеме беріліп, бекітілген.

***Сабақ кестесі:*** 2022-2023 оқу жылына сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «kyndelik kz» пайдалану арқылы жасалған. Мектептегі факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған.

**2022-2023 оқу жылында** *білім мен тәрбие беру үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерінің бірі –* А.Байтұрсыновтың әдістемесі негізінде әзірленген «Әліппе»нің қайта оқытылуы болды. Сабақ ұзақтығы 45 минутқа қайтарылды. Білім алушылардың оқу жүктемесі төмендетілді. Білім беру ұйымдарына қысқартылған оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарларын таңдау мүмкіндігі артты.

2022-2023 оқу жылында ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген), 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 жылғы 30.09 №412) енгізілген өзгертулермен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған. 1-11-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспары бойынша құрылған. Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес оқу жұмыс жоспарында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлері бойынша апталық жүктеме білім беру салалары бойынша пәндермен сәйкес берілген. Оқу пәндерінің (сабақ) тізбесі апта бойынша жұмыс оқу жоспарына сәйкес регламенттеліп, барлық білім алушылар оқып білуге міндетті оқу пәндері мен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындаған құрамдас компонент жұмыс оқу жоспарында бекітілген.

2022-2023 оқу жылында бастауыш білім беруге 66 сағат,бекітілген.

***Сабақ кестесі:***Сабақ кестесін құруда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидалары» санитариялық қағидаларының талаптары басшылыққа алынған.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «Білім класс» пайдалану арқылы жасалған. Мектептегі факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған.Сабақ кестесіндегі пәндер атауы оқу жоспарындағы білім салалары және оқу пәндері атауына сәйкес келеді, ауытқушылық жоқ.

***2023 - 2024 оқу жылында*** контингент 1-4 сынып 1 класс жиынтығында – 4 оқушы, ал мектепалды даярлық бойынша 1сынып жиынтықта – 2 білім алушы оқыды.

2023-2024 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2023 ж 18.08. №264 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 1-қосымша 1-4 қазақ кластар үшін: 2-қосымша үшін негізгі оқу жүктемесімен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленді.

***2024-2025 оқу жылында*** бастауыш білім беруге 41,5 сағат .Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары,

| |
|---|
| мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.<br>***Жалпы қорытынды:*** Жалпы 2023-2025 жж аралығында 3 жылдық оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Оқу жоспары жыл сайын педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен бекітіліп отырған.<br>Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, электронды «kyndelik kz», 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары «Онлайн мектеп» платформасы арқылы жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалған. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың барынша аз саны бар күндері жоспарланған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған. |
| ***жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;***<br>**2022-2023 оқу жылында.** 1-4 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен бекітілген өзгерістер енгізілген) мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрығымен бекітілген өзгерістер енгізілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» басшылыққа алынған.<br>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 5 мамырдағы №199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары ( «Өзін-өзі тану» пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі №266 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары («Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша 2018 жылғы 17 казандағы №576 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде жүзеге асырылған.<br>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары ( 2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 1, 2-қосымшалары);<br>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары (2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);<br>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары ( «Өзін-өзі тану» пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі №266 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде жүзеге асырылған.<br>**2022-2023 оқу жылында** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру.<br>**Талдау нәтижесі:** Мектеп бес күндік жұмыс аптасында екі ауысымда жұмыс жасаған. Оқу үдерісі білімнің үш деңгейіндегі жалпы білім беру бағдарламаларының деңгейіне сәйкес жүзеге асырылған. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.<br>Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады.<br>Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптары сақталған. Инвариантты және вариативтік оқу, таңдауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар ,барлық элементтері мемлекеттік |

бағдарламалармен қамтамасыз істілеген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген.

**2023-2024 оқу жылында** 1-4 сыныптардың білім алушылары жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытылған.

Пәндер бойынша оқу бағдарламасының орындалуына бақылау жүргізілген. Бақылау мақсатына сәйкес білім беру және оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың орындалуын, мұғалімнің күнтізбелік-тақырыптық жоспары мен күнделікті сабақ жоспары сәйкестігі тексеріліп, сынып журналына түсірілуін, сағат санының дұрыс болуы зерделенген. Бақылау барысында сабақтары талданған, сабақ берудегі артықшылықтары мен кемшіліктері айтылған.

- Мұғалімдердің мемлекеттік стандарттың орындалуы бойынша оқу бағдарламасын күнтізбелік-тақырыптық, сабақ жоспарын, kundelik.kz, онлайн мектеп журналын тексергенде, нормативтен ауытқушылық болмағаны анықталды. Оқу бағдарламасы нормаға сәйкес орындалған. Kundelik.kz, онлайн мектеп журналында тақырыптар жазылған, бағалары қойылған, үй тапсырмалары берілген. Жұмыс оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесі барлық класта нақты сақталған.

**2024-2025 оқу жылы бойынша** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары; «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы негізінде ұзақ мерзімді жоспарлары (әдістемелік отырыста) талданып өзгерістер енгізілген.

Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары «Білім класс» онлайн мектепке толтырылуы сәйкестендіріле отырып тексерілді. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады. Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған Инвариантты және вариативтік оқу, таңдауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар ,барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз стілеген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағат саны Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттар «Білім класс» және онлайн мектепке толтырылған.

***-білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтардысіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;***

2022-2023 **оқу жылдары** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары , Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыздағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері мен Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесін дамытуды негізге ала отырып тәрбие жұмысы жоспарланған.

2022-2023 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-3-4-қосымшалары жалпы орта білім беру білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған. 2022-2023 оқу жылдарында тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани

адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылған. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымы, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілген. Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жоспарланған іс шаралар уақытылы өткізіліп, анықтамалары жинақталған. *sabyndykol_мектебі* инстаграм желісіне жарияланған. Тәрбие бағыты бойынша кездесулер, семинар, «ашық есік» күндері, дөңгелек үстелдер өткізілген. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталған. рухани адамгершілік және азаматтық – патриоттық тәрбиелеу контексінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасын қалыптастыру бағдарламасымен бекітілген модельді іс-шаралар жоспарына сәйкес «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы. 2022-2023 оқу жылында білім беретін мектептердің және *«Өрт қауіпсіздік ережелері »* әдістемелік көмекші құралдары шығарылған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» № 18 бұйрығы негізінде оқу-тәрбие процесі шеңберіндегі қызметін үйлестіру бойынша сынып жетекшісіне жүктелген функцияларды айқындау мақсатында 2022– 2023 оқу жылы бойынша сынып жетекші -1 , 2023-2024 оқу жылы бойынша -1 сынып жетекші, 2024-2025 оқу жылы бойынша -1 сынып жетекші тағайындалған.

Сынып жетекшілердің сапалық құрамы

| Жылдар | Сынып жетекшілер | Жоғары білімді | Арнаулы орта |
|---|---|---|---|
| 2022-2023 оқу жылы | 1 | | 1 |
| 2023-2024 оқу жылы | 1 | | 1 |
| 2024-2025 оқу жылы | 1 | | 1 |

Сынып жетекшілердің біліктілік санаты

| Жылдар | Модератор | Сарапшы | Зерттеуші | Шебер | Жоғары, I,II санатты | педагог |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 1 | | | | | |
| 2023-2024 | 1 | | | | | |
| 2024-2025 | | | | | | |

***білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтін әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;***

2020-2021, 2021 – 2022 оқу жылдарында тәрбие жұмысының мақсаты «Білім алушылар бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру арқылы, құзыретті жеке тұлға, рухы биік патриот тәрбиелеу». 2022-2023 оқу жылдарында тәрбие жұмысының мақсаты « Білім алушылар бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыту».

*«Еңбек – елдің мұраты»-жобасы* бойынша 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары кәсіптік білім беру мақсатында «Мамандықтар әлемі»,"Мұндай да мамандық бар", «Менің отбасымдағы мамандықтар», " Мамандығым - мақтанышым",«Менің болашақтағы мамандығым» атты сынып сағаттары өткізілді.

*«Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет»,* жобалары бойынша 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары"Таза табиғат" экологиялық акциясы, «Құстарға ұя жасау» акциясы , «Жасыл мекен» челленджі,«Күз ханзадасы мен ханшайымы» сайысы, тақырыптарында экологиялық білім беру сағаттары сынып сабақтары өткізілген.

*«Қоғамға қызмет» жобасы* бойынша 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарыгимназиямызда «Бірлік» еріктілер тобы құрылған қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастырылып, «Бала жылы» жоспарына сай әлеуметтік қолдауды қажет ететін 7 отбасына қалалық мәдениет үйінде өткен Кеңес Әлімжанның жеке концертіне билет алынып, Нурушов Сағындық ақсақалдың ауласының қарын тазартып, Ұлы Отан соғысы, еңбек-тыл ардагерлеріне , ардагер ұстаздарға көмектер көрсетілген.

*«Балалар және театр» ағартушылық жобасы* аясында «Театр әлемі» үйірмесі құрылып, барлығы 34 сағатқа жұмыс жоспары құрылған. Үйірме жұмысында өскелең ұрпақты театр өнері әлеміне тарту мақсатында көркем-эстетикалық тәрбие саласында отандық мәдени жетістіктерді – кітаптарды, пьесаларды, мүсіндерді, картиналарды; Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің үздік үлгілерін – ертегілерді, аңыздарды, эпостарды, аңыздарды оқыту және ілгері дамыту жүргізілген. Балалар және театр»жобасы бойынша ақпараттық бұрыш жабдықталған. Ауылымызда театр болмауына байланысты ,облыс орталығына саяхат ретінде оқушыларды апарып таныстырылды.

***Білім алушыларды шығармашылыққа, салауаттылыққа баулу мақсатында білім алушылардың үйірме, секцияларға қатысуы:***

2022-2023, 2031-2024, 2024-2025 оқу жылдары білім алушыларға рухани – адамгершілік, азаматтық-патриоттық,көркем-эстетикалық,еңбек және дене тәрбиесі бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында мектепте сабақтан тыс өткізілетін үйірмелер кестесі жасалған, мектеп директорымен бекітілген.Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа ұйымдастырылған. Қатысатын оқушылардың мәліметі жасалған. Сабақ кестелері бөлек жасалынған.

| Жылдар | Мектепішілік үйірме, секцияларға қатысатын оқушылар саны | % | Мектептен тыс үйірме, секцияларға оқушылар саны | % | Барлық (мектепте, мектептен тыс) үйірмелерге қатысатын оқушылар саны | % |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 5 | 100 | | | | |
| 2023-2024 | 4 | 100 | | | | |
| 2024-2025 | 4 | 100 | | | | |

«2022 - 2024 жылдардағы каникул кезеңінде балаларды сауықтыру демалысын, олардың бос уақытын және жұмыспен айналысуын ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 14 қаңтардағы № 1-ө өкіміне сәйкес мектеп жанындағы күндізгі демалыс лагері ұйымдастырылып, балалар буфеттік тамақпен қамтылған.

***ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру;***

Зерделеу нәтижесі бойынша 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес .вариативті компоненттің оқу жүктемесі нақты сақталғандығы анықталды.

Вариативті компоненттен алынған таңдау курстарының сабақ кестесі бөлек жасалып, бекітілген. Таңдау курстарының оқу бағдарламалары құрылып, пәндік бірлестіктерде талданған, мектеп директорымен бекітілген.

**2022-2023 оқу жылы бойынша** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 шілдедегі № 317 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 1-4 қазақ кластар үшін 1-қосымша,

келісімімен шешім қабылданып оқу жұмыс жоспары жасалған.

1-4 кластарда: 2кл. «Қызықты математика», 3кл.«Математика әлемінде», 4кл.«Қызықты математика» аптасына 1 сағаттан оқушылардың логикалық қабілеттерін дамыту үшін .

**2023-2024 оқу жылы бойынша1-4- сыныптарда білім беру процесі:**

«ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығына 1-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (негізгі) үлгілік оқу жоспары» 3кл. «Қызықты математика», 4 класында «Математика әлемінде» атты вариативтік оқу жүктемесінен аптасына 1 сағат оқушылардың логикалық қабілеттерін дамыту мақсатында жүргізілген.

**2024-2025 оқу жылында 1-4- сыныптарда білім беру процесі:**

«ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2024 жылғы 08 ақпандағы № 27 бұйрығына 1-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (негізгі) үлгілік оқу жоспары» негізінде 1, 4 сыныптарда оқушылардың логикалық қабілеттерін дамыту мақсатында «Математика және логика» атты вариатив компанентінен 1 сағаттан жүргізілді.

***«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын оқу;***

**Зерделеу барысында:** 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-қосымша 2-тарау 25-тармақшасы 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсын міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.

Мектеп бойынша "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" курсын жүргізу кезінде жылдық оқу жүктемелері орындалған. 1-3 сыныптарда 6 сағат, 4 сыныптарда 10 сағат өткізілген.

***«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсын іске асыру.***

2022-2023,2023-2024,2024-2025 оқу жылдың 02 қыркүйектегі мектеп директорының «Балалардың жол ережелерін сақтамаудан жарақаттанудың алдын алу туралы» № 59/5-н/қ бұйрығы негізінде жұмыс жоспары құрылып, іс-шаралар өткізілген. "Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері" , « Қай жерден жолда өтуге болады», «Жолда жүру белгілері және таңбалары», «Жарақаттағанда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек», «Сен- велосипедші», «Біздің қала, аудан», «Жол жүру ережелері», «Автокөліктің еліміздің экономикасындағы рөлі», «Жол белгілерінің халықаралық тілі» сынып сағаттары өткізілді.

« Балалардың жол ережелерін сақтамаудан жарақаттанудың алдын алу туралы» мектеп директорының 2023 жылғы 01 қыркүйектегі № 72/19 - н/қ бұйрығы негізінде жұмыс жоспары құрылып, іс-шаралар өткізілген. 2023-2024 оқу жылында «Жол қауіпсіздігі», "Жолда жүру ережесін біл және құрметте" тақырыптарында ақпараттық сағаттар, "Қай жерлерден өтуге болады?" тақырыбында сынып сағаты,білім алушылардың жолда жүру ережесі туралы білімдерін қалыптастыру, жолда жүру мәдениетін үйретіп, сақтыққа тәрбиелеу .

***Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:***

*1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;*

Зерделеу барысында:

2022-2023 оқу жылында 66 сағат. Жұмыс оқу жоспарымен сабақ кестелері жасалып бекітілген. Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалған. Жұмыс оқу жоспарында және сабақ кестесінде әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары сақталған. Оқу-тәрбие үрдісіндегі апталық жүктеме ең жоғарғы көлеммен сәйкес.

*2022-2023 оқу жылында* апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бастауыш білім беруде 23 сағаттан аспайды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

**2023-2024 оқу жылында** 47 сағат апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бастауыш білім беруде 3-сыныпта-22 және 4-сыныптарда -25 сағаттан, барлығы – 47 сағатты құрап отыр. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған.
**2024-2025 оқу жылын** зерделеу барысында жалпы 41.5сағат.Апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бастауыш білім беруде 17.5 сағаттан аспайды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

## *15. Оқу мерзіміне өлшемшарттар:*

**тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;**

2022-2023,2023-2024,2024-2025 оқу жылдарында оқушыларды қабылдау, ауыстыру, шығару мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылған. Педагогикалық кеңесте қаралған. Мектеп директорының бұйрығымен оқу жылының басында, яғни қыркүйек айында 1- класқа қабылдау бұйрықтары шығарылып, жинақталған мектеп есебінен шығарылып отырған.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарынының үлгілік қағидалары" негізінде оқушылар басқа білім ұйымдарынан қабылдау, ауысуына байланысты мектеп есебінен мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырған. Білім беру ұйымынан шыққан барлық оқушының басқа білім беру ұйымына келуі туралы есептен шығару талондары жинақталған.
**2022-2023 оқу жылының** басында 5оқушы. 1- сыныпқа 0 оқушы
**2023-2024 оқу жылының** басында 4 оқушы. 1- сыныпқа 0 оқушы.
**2024-2025 оқу жылының** басында 5 оқушы. 1- сыныпқа 3 оқушы қабылданған.
Мектептен құқыққа қарсы әрекет жасағаны үшін шығарылған оқушы болмаған, оқушылар басқа білім ұйымдарына ауысуына, мектеп бітіруіне байланысты оқушы құрамынан мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырған.
Педагогикалық кеңесте қаралып, шешімі шығарылып отырған.

**сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.**

2022-2024 оқу жылдарының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығын мектептегі жүргізілген электронды «Білім класс» электронды журналдарын тексеру арқылы зерделенді. Оқу жылдарында сыныптар бойынша білім беру жүзеге асырылып өткізілген пәндер сынып журналдарында көрсетілген.
Оқу жылы 1-сыныпта – 33 оқу аптасын, 2-4-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. Жалпы оқу жылының басталуы – ағымдағы жылдың 1 қыркүйегі. Оқу жылының аяқталуы - сол жылдың 25 мамыры. Әрбір оқу тоқсанын аяқтау туралы мектеп директорының бұйрықтары шығарылып, оқушылар каникулға жіберіліп отырған.Жалпы оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығы кемінде 30 күнді құрайды. Каникулдар оқу жылында үш рет – күзде, қыста және көктемде беріліп отырғаны анықталды.
**2022-2023 оқу жылы:**
2022 -2023 оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда - 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда - 34 оқу аптасын құрайды.Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады.2022-2023 оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:
1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31.10-06.11 күндер аралығында), қысқы – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 08 қаңтар аралығында), көктемгі – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында);1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында).
2022-2023 оқу жылы бойынша электронды журналда мерекелік күндерге түскен Мерекелік күндер:

1 желтоқсан, 16 желтоқсан, 8 наурыз, 1 мамыр, 3 мамыр, 7 мамыр, 9-10 мамыр.

**2023-2024 оқу жылы**

2023-2024 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңі орта білім беру ұйымдарында меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 27 шілдедегі № 368 бұйрығымен бекітілген:

1) оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы; 2-11 сыныптарда – 34 оқу аптасы;

2) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері: 1-11 сыныптарда: күзгі – 7 күн (2023 жылғы 30.10-05 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі-11 күн (2024 жылғы 21.03-31 наурызды қоса алғанда); 8 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпанды қоса алғанда).

2023-2024 оқу жылы бойынша электронды журналда мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылған және сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктіріліп өткізілген.

**2024-2025 оқу жылы**

2024– 2025 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері төмендегідей белгіленген: 1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2024 жылғы 28 қазан- 3 қараша аралығында), қысқы – 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсан мен 2025 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі – 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурыз аралығында); 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпан аралығында).

## 5.Оқу-материалдық активтер

**Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:**

4. **Техникалық төлқұжат бойынша үй - жайлар, бөлмелер саны- 4** Бастауыш сынып-1 (22,0 м2 ); Бастауыш сынып-1. (23,4 м2 );Қосалқы бөлме-1. (4,5 м2 ); Қосалқы бөлме -1,(4,5 м2 ); дәліз -1 (16,2м2)

Мектепте орнатылған компьютерлерді интернет желісімен жалғау және компьютерлермен (ноутбуктармен), мобильді құрылғылармен қамтамасыз етілген.

**2022-2023 оқу жылы.** Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында *2022-2023 оқу жылында* мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 3 педагог (оның ішінде 0 ұйымдастырушы педагог, 0 тәлімгер 0 психолог, 0 әлеуметтік педагог) жұмыс атқарады. 3 педагог ішінде: санаты жоқ -1, екінші санатты -0, бірінші санатты –0, жоғары санатты –0, «педагог-модератор»-1, «педагог-сарапшы»-0, «педагог-зерттеуші»-1, «педагог-шебер» – 0. Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам **66%.**

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны – **3** . «педагог» – 1, «педагог-модератор» – 1, «педагог-сарапшы» – 0, «педагог-зерттеуші» – 1. Бастауыш сынып бойынша сапалық құрам – **66%**-ды құрап отыр.

**2022-2023 оқу жылы.** "Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 14 шілдедегі № 339 бұйрығы негізінде білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексерілді. Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының талдауы мектептің қажетті оқу – педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізілген. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек және санитарлық кітапшалары талапқа сай келеді. 2022-2023 оқу жылындағы жағдай бойынша **бастауыш сыныптарға сабақ беретін (бастауыш мұғалімдері)** – **3 мұғалім.** Оның ішінде - "педагог-зерттеуші" – 1 мұғалім, "педагог-сарапшы" – 0 мұғалім. "педагог-модератор" – 1 мұғалім, педагог-1 мұғалім. Сапалық құрам – **66 %** құрап отыр.

**2024-2025 оқу жылында жеткен жетістіктер**

Республикалық «Үркер» шығармашылық байқауының кезеңіне 4 – сынып оқушылары Асладин Акниет.Қасым Аллаберген I дәрежелі дипломға ие болды .Жетекшісі: Г.М.Асладин

**Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер**

Медициналық кабинет жоқ.

***Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы мәліметтер***: Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар жоқ

**Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер.**

Мектепте 5 орынға арналған жасақталған асхана бөлмесі бар .Мектепте оқушылар **буфеттік** режимде тамақтанады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына ((ҚР Оқу-ағарту министрінің 07.12.2022 № 490 Қағида 108-1-тармақпен толықтырылды). «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы»ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысы негізінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын және жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан **балалар жоқ.** Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысының берілген уақыты 22.11.2024ж. № D.08.X.KZ09VWF00253263. Тамақтану қызметін жеке кәсіпкер «Кесиков Р.К» көрсетеді. Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі сериясы №KZ80TWQ02694915 берілген уақыты 02.02.2023ж. Келісім шарт №341, берілген уақыты **16.10.2024ж.**

**6.Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор**

Мектепте кітапхана жоқ. **Кітапхананың штаты жоқ..**

**Кітап қоры туралы:**

Жалпы кітап қоры-306: Оның ішінде: Оқулық-237: Әдістемелік-25;

Қазақ тілінде- - 100% ;

**Интернет желісіне қосылған компьютерлердің (шағын жинақты мектептерді қоспағанда) компьютерлік сыныптарының болуы туралы мәліметтер.**

Зерделеу нәтижесі бойынша мектепте 3 компьютермен жабдықталған оның 1 ноутбук, 2-компьютерлік кабинет 3-компьютер жұмыс жасап тұрғаны анықталды. 1 компьютер интернетке қосылған.Оптикалық-талшықты интернет желісі жүргізілген. Мектеп бойынша 1- нүкте арқылы Wi Fi қабылдау-тарату қондырғысымен жабдықталған оқу ғимаратындағы 2 кабинетте де интернетке қосылу мүмкіндігі қарастырылған. Интернет жылдамдығы 161,60 Мб/с.

**7.Білім алушылардың білімін бағалау**

білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын

сақтау

**Зерделеу барысында:** «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы 2021 жылғы 28 сәуірдегі №189 бұйрығымен 2022-2023 оқу жылындағы сынып журналдарындағы бағалау kundelik.kz ақпараттық жүйесімен, ұсынылған материалдармен зерделенді. Оқу жылында ағымдық бағалау баға қою, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша балл мен тоқсандық және жылдық бағаларды қою арқылы пән мұғалімдерімен бағаланған. 1-сынып бағаланбаған. Тоқсандық баға қалыптастырушы бағалау, бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысының негізінде 50%-да 50% пайыздық арақатынаста қойылған. 2-11-сынып білім алушыларының пәндер бойынша жылдық бағалары тоқсандық бағалар жиынтығымен шығарылған. қорытынды баға жасалған. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылған. Сонымен қатар. білім алушылардың тоқсандық және жылдық қорытынды бағалары шығарылғандығы анықталды. Оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы өзара және кері байланыс қамтамасыз етілін қалыптастырушы бағалау жүргізілген.

Қалыптастырушы бағалау бойынша 2-11-сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау бір балдан 10 балға дейінгі шекте жүргізілген. Білім алушылар орындаған жұмыстарда педагогтің комментарийлері ішінара жазылған. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды тоқсан. бөлім (ортақ тақырып) аяқталғаннан кейін оқу материалдарының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және қадағалау үшін жиынтық бағалау нысанында педагогтер атқарған. Жиынтық бағалау белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізіліп отырған. Мектеп бойынша әр тоқсан сайын мектеп меңгерушімен бекітілген бөлім және тоқсандық жиынтық бағалау өткізу кестесі жасалған. Жиынтық бағалау кестесі пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспармен сәйкес келетіндігі анықталды.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау 2-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, аптасына 1 сағат оқу жүктемесі бар пәннен тоқсанына екі реттен артық емес, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылған, өзге апталық жүктемесі бар пәннен тоқсанына үш реттен артық өткізілмеген. Бөлім бойынша жиынтық өткізілмейтін пәндерге «есептелінді» белгісі жазылған. Білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелері шығарылған. Жиынтық бағалау қорытындысы бойынша аттестаттаудан өтпеген білім алушы тіркелмеген. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау өлшемшарттарға сәйкес жүргізілген. Оқу пәндері бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары сақталған.

**Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарын орындау (дамудың бұзылуын және әлеуметтік бейімделуді түзету).**

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім **алушылар жоқ.**

.

.

**-4-сынып оқушыларының тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім берудің күтілетін нәтижелерін және білім беретін оқу бағдарламаларын игерудің жетістіктерін айқындау бойынша оқыту нәтижелерін бағалау.**

**<u>Талдау нәтижелері:</u>** Оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілген. Білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау бағытында білім беру деңгейлерін бітіруші 4-сыныптан тестілеу кесінділері алынды. Компьютерлік тестілеу онлайн түрінде өткізілді. Тестілеу кезіндегі пайыздық қатынас бағалау шкәлімен айқындалды. Материалдарды зерделеу барысында 4-сыныпта 18. %. Білім беру ұйымында **бітіруші сыныптардың тестілеу нәтижелері** төмендегідей .

| № | Сыныбы | Тізім бойынша журналдағы оқушылар саны | Нақты қатысқан оқушылар саны | Бағалар саны "5" | Бағалар саны "4" | Бағалар саны "3" | Бағалар саны "2" | Орташа балл | Оң бағалар % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 4-сынып | 2 | 2 | | | 2 | | 18 | |
| | | 2 | 2 | | | 2 | | 18 | |
| | | | | | | | | | |

**Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау**

**8.Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-тарау 8-тармағы негізінде 2023 жылдың 16-17 мамыр аралығында білім беру процесіне қатысушылардан телеграмм мессенджері арқылы білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін сауалнама алынып төмендегі нәтижелерді көрсетті.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-қосымшасында талап етілгендей бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын- 4 класқа сабақ беретін 2 - **педагогі** тізім бойынша 100 % қатысып, 97 % сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанғандығын көрсетіп, 5- балға сәйкес деп, 4-сыныптардың **білім алушыларынан** 100 % қатысып, 99 % көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанғандығын және **олардың ата-аналарының** (заңды өкілдеріне) 2-еуі қатысып - 94,3% білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанғандығын көрсетіп, **5-балға** сәйкес деп бағаланды.

**4- сынып білім алушылармен жүргізілген сауалнама қорытындысы**

| № | Сұрақ | толық келісемін | келісемін/ иә | келіспеймін/ жоқ | толық келіспеймін |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Мен өз құқығымды білемін | 2 | | | |
| 2 | Мен өз мектебімде оқуға қызығамын | 1 | 1 | | |
| 3 | Класста достарым бар | 1 | 1 | | |
| 4 | Менің сүйікті мұғалімдерім бар | 1 | | | |
| 5 | Біздің мектеп мұғалімдерінен қиын жағдайда кеңес пен көмек сұрауға болады | 2 | | | |
| 6 | Сабақта мен әрқашан өз пікірімді еркін айта аламын .. | 2 | 1 | | |
| 7 | Сабақта мұғалім мен менің мінез құлқымды емес ,менің білімімді бағалайды . | 2 | | | |
| 8 | Мектептің материалдық базасының жағдай жақсартуды қажет етеді . | 1 | | | |
| 9 | Менің мектебімде өзіндік және жиынтық жұмыстардың саны бір күнде екіден көп | 1 | | | |
| 10 | Мен тамақтану сапасына қанағаттанамын . | 2 | | | |
| 11 | Мен үйірмелерге ,секцияларға барамын. | 1 | | | |
| 12 | Менде мектептің қоғамдық өміріне қатысуға деген ұмтылыс пен қажеттілік бар . | 2 | | | |
| 13 | Мен мектепте өзімді қауіпсіз сезінемін ,психологиялық | 2 | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұрғыдан ыңғайлы . | | | | |
| 14 | Мектеп үшін пайдалы және маңызды нәрсе жасаған кезде менің жетістіктерім байқалады | 2 | | | |
| 15 | Мен өз мектебімді жақсы көремін және онда оқығанымды мақтан тұтамын . | 2 | 1 | | |
| 16 | Мектепте балалар арасында қорқыту .қысым көрсету фактілері бар . | 2 | | | |

**4-сынып білім алушыларымен жүргізілген сауалнама қорытындысы**

| № | Қатысқан оқушы саны | толық келісемін | келісемін/иә | келіспеймін/жоқ | толық келіспеймін |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 81,2 % | 18,7% | | |
| | | 99,9 %– 5 балл | | | |

**4- сынып білім алушыларының ата-аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы**

| № | Сұрақ | толық келісемін | Келісемін /иә | Келіспеймін /жоқ | толық келіспеймін |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Менің балам мектепке қуана барады | 2 | | | |
| 2 | Сыныпта қолайлы атмосфера бар | 1 | 1 | | |
| 3 | Мектеп сапалы білім береді | 1 | 1 | | |
| 4 | Оқу пәндері менің балама оңай беріледі | 2 | | | |
| 5 | Мұғалімдер біздің баланың оқудағы жетістіктерін әділ бағалайды | 2 | | | |
| 6 | Біздің баламыз оқу сабақтары мен үй тапсырмаларына шамадан тыс жүктелмейді | 1 | 1 | | |
| 7 | Мектепте қолданылатын оқытудың жаңа тәсілдері біздің баламыздың қабілеттерінің көрінісі мен дамуына жағдай жасайды | 2 | | | |
| 8 | Мен баланың оқу жетістіктері мен мінез-құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанамын | 2 | | | |
| 9 | Мен мектептегі сабақтан тыс жұмыс бағдарламасына ризамын | 2 | | | |
| 10 | Мен баламның сынып жетекшісінің жұмысына қанағаттанамын | 2 | | | |
| 11 | Мектепте біздің баламыз үшін пайдалы және қызықты іс-шаралар өткізіледі | 2 | | | |
| 12 | Мен мектеп асханасы\буфет жұмысымен қанағаттанамын | 2 | | | |
| 13 | Педагогтар педагогикалық этика нормаларын сақтайды | 2 | | | |
| 14 | Менің балам мектепте Қауіпсіз | 2 | | | |
| 15 | Мектепте олар біздің баламыздың денсаулығына қамқорлық жасайды | 2 | | | |
| 16 | Мен мектеп әкімшілігінің жұмысына қанағаттанамын | 1 | 1 | | |
| 17 | Мектеп өміріне қатысуға ниет бар | | 2 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 18 | Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектеп туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз. | | | 1 | 1 |
| | | Барлығы: | | | | |

**4- сынып білім алушыларының ата-аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы**

| № | Қатысқан ата-ана саны | толық келісемін | келісемін/иә | келіспеймін/жоқ | толық келіспеймін |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 77,7 | 16,6 | 2,7 | 2,7 |
| | | 94,3 | | | |

**Бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын педагогтермен жүргізілген сауалнама қорытындысы**

| № | Сұрақ | толық келісемін | Келісемін /иә | келіспеймін/ жоқ | толық келіспеймін |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Мен осы мектепте жұмыс істегенімді мақтан тұтамын | 2 | | | |
| 2 | Мен тиімді әдістемелік көмек аламын | 2 | | | |
| 3 | Мен еңбек жағдайына қанағаттанамын | 1 | 1 | | |
| 4 | Мен мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне қанағаттанамын | 1 | 1 | | |
| 5 | Мектеп оқушылар арасындағы жанжалдарды тоқтатады және тиімді шешеді | | 2 | | |
| 6 | Мен мектептің оқу-материалдық базасына қанағаттанамын | | 2 | | |
| 7 | Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар | 1 | 1 | | |
| 8 | Мен мектептегі тамақтану сапасына қанағаттанамын | | 2 | | |
| 9 | Әріптестер маған көмектесуге әрқашан дайын | 1 | 1 | | |
| 10 | Оқу сабақтарын сәтті өткізу үшін мектеп барлық қажетті оқу-әдістемелік және техникалық құралдарды ұсынады | 1 | 1 | | |
| 11 | Мектепте менің кәсіби және шығармашылық өсуім үшін жағдай жасалған | 2 | | | |
| 12 | Мектепте педагогтарды көтермелеу әдістері белгіленген | 1 | 1 | | |
| 13 | Мен жұмыс істейтін балалар білімге ұмтылады | 2 | | | |
| 14 | Мен оқушылармен қарым-қатынасыма қанағаттанамын | 1 | 1 | | |
| 15 | Мен сынып жетекшісі ретіндегі жұмысыма қанағаттанамын ба? | 1 | 1 | | |
| 16 | Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектеп туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз. | | 2 | | |

**Бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын педагогтерінің сауалнама қорытындысы**

| № | Қатысқан педагог саны | толық келісемін | келісемін/иә | келіспеймін/жоқ | толық келіспеймін |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 50 % | 46.8 % | | |
| | | 97% – 5 балл | | | |

**10. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары**

1.Іс тәжірибе алмасу, озық тәжірбелерді енгізу, ғылыми тұрғыда дамыту бағыты бойынша сынып жетекшілерінің жұмысы өзара тәрбие сағаттарына ену мен сынып жетекшілерінің отрысымен шектелген.

2.Білім алушыларды шығармашылық, зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелерін жетілдіру.

**11.Қорытындылар мен ұсыныстар**

1. Пән мұғалімдерінің білім алушыларды түрлі білім саласындағы жарыстар мен конкурстарға қатыстыруда ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы «7» желтоқсандағы №514 бұйрығымен бекітілген байқау тізімдерін басшылыққа алу.

2. Пән мұғалімдерінің кейбір пәндерден оқушылар жетістігін зерделей отырып, үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыстарды жүйелі жүргізілген;

3. Мектептің материалдық-техникалық базасы мемлекеттік білім беру стандартын толық көлемде орындауға, оқу үрдісі мен сыныптан тыс іс-шараларды қажетті әдістемелік деңгейде жүргізуге толық мүмкіндік жасайды. Пән кабинеттері толық жабдықталып, қажетті құралдармен қамтамасыз етілмеген.

4.ҚР тәрбиеге қатысты нормативтік талаптары орындалған. Тәрбиенің кешенді бағдарламасы бойынша барлық бағыттарда жүйелі жұмыс жүргізілді.

Мектептің оқу-әдістемелік жұмысының құрылымы жасалып, негізгі бағыттар бойынша жұмыстар айқындалған, оқу-әдістемелік жұмыстардың бағыттары бойынша жұмыстар жүйеленген, барлық бағыттарының құжаттары тіркеліп жинақталған. Мектептің әдістемелік қызметінің жүйесі, бағыттары бойынша нормативтік талаптар орындалған.

5.«Ақтөбе облысының білім басқармасының Мұғалжар ауданының білім бөлімі» ММ « Сабындыкөл бастауыш мектебі » коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталған.

Өзін-өзі бағалау қорытындысын комиссия 2025 жылғы 08 қаңтардағы жоспардан тыс педагогикалық кеңестің отырысында қарады және білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізілді.

Сабындыкол бастауыш мектебінің аттестаттау комиссиясы:

Жандельдина Гулмира Сакеновна

Асладин Гульбахран Муратовна

Асладин Гульдария Базарбаевна

**«Сабындыкол бастауыш мектебі » ММ – нің 08.01.2025 жыл**

**№ 1 педагогикалық кеңес хаттамасының көшірмесінен үзінді**

Өтетін уақыты : 08.01.2025 жыл

Қатысқандар – 3

**Күн тәртібі :**

1. «Сабындыкөл бастауыш мектебі» КММ –нің 2022-2023 , 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарының қызметіне өзін – өзі бағалау жұмысын өткізу туралы .

/ Г.С.Жандельдина /

**Тыңдалды :**

**Мектеп меңгерушісі Г.С.Жандельдина :** Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығы «Білім беру ұйымдарының өзін – өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы » басшылыққа ала отырып мектеп қызметіне өзін – өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен обьектілері болып мыналар табылатындығын атап өтті .

1) Білім беру ұйымдарының мақсаты ,міндеттері мен құндылықтары
2) Оқыту және білім беру ;
3) Білікті қызметкерлердің болуы ;
4) Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау ;
5) Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету ;
6) Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық – техникалық база .

Мектеп қызметіне өзін –өзі бағалауға ұсынылатын білім беру қызметтерінің Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына талдау жолымен жүзеге асырылады .

1)оқу нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны ;

2)білім алушылар мен тәрбиенушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінде;

3)білім алушылардың және тәрбиенушілердің дайындық деңгейіне ;

4)оқу мерзіміне сәйкестігін талдау ;

5) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ,бастауыш ,негізгі орта ,жалпы орта, техникалық және кәсіптік ,орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы » Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген стандарттарының талаптарына сәйкестігін зерделеу кезінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту

министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттары » пайдаланылады .

Мектеп қызметін өзін – өзі бағалау жұмысын өткізу бойынша кезектен тыс педагогикадық кеңесте шешім қабылданды:

**ШЕШІМ :**

1.Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау нұсқаулығына сәйкес мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін «Сабындыкөл бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне өзін –өзі бағалау жұмыстары жүргізілсін .

2. «Сабындыкөл бастауыш мектебі » коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне жүргізілетін өзі –өзі бағалау жұмыстарының мерзімі 2025 жылдың 03 ақпанынан 28 ақпаны аралығы болып бекітілсін .

3.Мектеп қызметіне өзін –өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін жауапты комиссия құрылсын .

4.ҚР «Білім туралы » Заңына сәйкес білім беру ұйымы көрсететін білім беру қызметінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талабына сәйкестігі анықталсын .

5.Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес ,өзін –өзі бағалау жұмысын жүргізу кезінде комиссия мүшелеріне зерделеудің нақты бағыттары бойынша тапсырмалар бөлініп ,жоспар құрылып бекітілсін .

Педагогикалық кеңес төрағасы: Г.Жандельдина

Хатшы : Е.М.Асладин

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» ММ «Сабындыкөл бастауыш мектебі» КММ – нің кезектен тыс № 2 педагогикалық кеңесінің хаттамасы**

**28.02.2025**

**Күн тәртібі**

1 . « Сабындыкөл бастауыш мектебі » КММ – нің қызметіне жүргізілген өзін –өзі бағалау есебін талқылау туралы / Г.С.Жандельдина /

ТЫҢДАЛДЫ :

Г.С.Жандельдина – мектеп меңгерушісі , комиссия төрағасы

1. «Сабындыкөл бастауыш мектебі» КММ – нің 2025 жылдың 08 қаңтар күнгі кезектен тыс өткізілген № 1 педагогикалық кеңесінің шешімінің орындалуы бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып ,қорытынды анықтамамен таныстырды . Мектеп ұжымының алдына қойылған басты міндет – мектептің атқарылып ,жатқан қызметіне өзін – өзі бағалау жүргізу болатын .Ағымдағы жылдың 03 ақпан мен 28 ақпанның аралығында мектеп қызметіне өзін –өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу үшін Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы » № 486 бұйрығы .Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін –өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы әдістемелік» ұсынымы басшылыққа алынды .

Бекітілген комиссия мүшелерінің құрамы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру . «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ,бастауыш,негізгі орта,жалпы орта ,техникалық және кәсіптік ,орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығының талаптарына сәйкес оқу – тәрбие жұмысын іске асыру ,сабақтан тыс іс –әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру ,бейінді оқытуды іске асыру беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ,бастауыш ,негізгі орта ,жалпы орта, техникалық және кәсіптік ,орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы » № 348 бұйрығының талаптарына сәйкес оқу – тәрбие жұмысын іске асыру ,сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру,бейінді оқытуды іске асыру өлшемшарттары бойынша зерделеу жүргізді .

Ұжым алдында өзін –өзі бағалау өлшемшарттары бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып ,қорытынды анықтамамен таныстыру үшін сөз комиссия мүшелеріне берілді .

## СӨЙЛЕУШІЛЕР :

Г.М.Асладин – комиссия мүшесі ,Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын 1,2 параграфтарының нақты бағыттары негізінде мектеп алды даярлық сыныптарындағы ,1 -4 сыныптарындағы жұмысты зерделеп ,өзін –өзі бағалау жүргізілді :

1.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың және бастауыш ,негізгі орта дәне жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының іске асырылуы ;

2.Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды даярлық сыныптарындағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптары ;

3. Білім алушылардың рухани –адамгершілік , азаматтық – патриоттық ,көркемдік – эстетикалық ,еңбек және дене тәрбиесін іскес асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс – әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастырылуы мен оқу мерзіміне қойылатын талаптары ;

4.Білім алушылар мен тәрбиенушілердің дайындық деңгейіне және оқу мерзіміне қойылатын талаптары ;

5.Бағалау өлшемшарттарына берілген 7 – 18 қосымшалар бойынша педагогтердің бейіні бойынша дипломдары ,біліктілік санаттары , мектептің материалдық базасы ;

Аталған бұйрықтың 1 – 2 параграф өлшемшарттары талаптарына сәйкес 2022-2023,2023-2024,2024-2025 оқу жылындағы мектептің оқу тәрбие апроцесінің жылдық жұмыс жоспарлары ,жұмыс оқу жоспарымен сабақ кестелерінің ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС) талаптарына сәйкестігі зерделенді .Зерделеу қорытындысымен таныстыра келе ,зерделеу барысында әр бөлім бойынша анықталған кемшіліктер мен ұсыныстарға тоқталды .Зерделеу барысында оқыту нәтижелерін анықтау үшін 4 кластардан оффлайн форматында тест алынғандығын ,мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының жалпы талаптарына сәйкестікті ұсынатын білім беру қызметтерін талдау жолында әсіресе Kundelik .kz ,Bilim Class электронды журналының зерделенгенін айтты.Тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білім немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің ,біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған /растаған педагогтердің үлестерінде пайызымыздың жеткілікті деңгейде болғанымен әлде де жетілдіруді қажет етеді .

II . Г.Б.Асладин – комиссия мүшесі ,

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ,бастауыш ,негізгі орта ,жалпы орта ,техникалық және кәсіптік ,орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы » Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 2 –қосымша 2-тарау 25- тармағы , 3-қосымша 4 – тарау 56 – тармағы , 4- қосымша 4 – тарау 50- тармағы бойынша Kundelik .kz ,Bilim Class элестронды журналы арқылы күнтізбелік – тақырыптық жоспары зерделенді .Мектеп бойынша тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне,білім алушылардың білім беру қызметінің дайындық деңгейіне ,сапалы оқытумен тәрбиелеу үшін жасалған жағдайды

анықтау үшін сауалнама жүргізілді .Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген Бастауыш ,негізгі орта ,техникалық және кәсіптік ,орта білімнен кейінгі ,діни білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің сақталуын,педагогикалық кадрлармен жасақталуы және білім беру процесін материалдық – техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету туралы мәліметтерді беру үшін әдістемелік ұсынымының 7,8,9,10,11,12 қосымшалары толтырылды .
Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы » № 486 бұйрығының 1-қосымшасындағы «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына» 2 - қосымшасындағы «Бастауыш ,негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалауға арналған өлшемшарттарына » сәйкес 4 – қосымша бағалау парағы толтырылған кесте көрсетіліп, күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып ,талқылана отырып педагогикалық кеңесте төмендегідей шешім қабылданды :

**ШЕШІМ ЕТТІ :**

1. «Сабындыкөл бастауыш мектебі » коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне жүргізілген өзін –өзі бағалау нәтижесінде анықталған кемшіліктер бойынша кешенді жоспар құрылып ,жүйелі жұмыстар жүргізу ;
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін , білім беру қызметінің нәтижелерін бағалау үшін білім беру қызметтерін көрсету сапасының деңгейіне сәйкес төмен **24 балл**( 30 балдан төмен ) деп бағалау .
3. Бастауыш ,негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін ,білім беру қызметінің нәтижелерін бағалау үшін білім беру қызметтерін көрсету сапасының деңгейіне **43 балл «жақсартуды қажет етеді»**( « 35» -тен 44-балға дейін жақсартуды қажет етеді») деп бағаланды.
4. Өзін –өзі бағалау жөнінде есеп, білім беру процесінің барлық қатысушылардың назарына жеткізу ; */ата –аналар ,білім алушылар,мектеп жанынан құрылған қамқоршылық кеңес құрамына /*
5. Мектеп қызметіне жүргізілген өзін –өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері бойынша қамқоршылық кеңес құрамының алдында есеп беру .
6. Өзін –өзі бағалау есебі мектептің интернет – ресурсында жариялау.

Педагогикалық кеңесінің төрағасы С.Жандельдина
Хатшы М.Асладин

Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшемшарттарының
4-қосымшасы

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі»ММ «Сабындыкөл бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
2024-2025 о/ж бойынша
(білім беру ұйымының аталуы)

**Бағалау парағы**

| р/с № | Бағалау өлшемшарттары | Білім беру ұйымына тиісті өлшеуішті бағалау мазмұны | Бал-дары |
|---|---|---|---|
| 1 | Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі | 80%-дан төмен | 2 |
| 2 | Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі | 80 %-дан төмен | 2 |
| 3 | Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі | 100 % | 5 |
| 4 | «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі | 30 %-дан жоғары | 5 |
| 5 | Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы. | 80%-дан төмен | 2 |
| 6 | Ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 тіркелген) сәйкес жағдай жасалуы (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу) | 80 %-дан төмен | 2 |
| 7 | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы | 100 % | 5 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 22 мамырдағы № 216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі | | |
| 8 | Білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі (топтар/сыныптар бөлінісінде) | 80%-дан төмен | 2 |
| 9 | Оқыту нәтижелері (білім, білік және дағды сапасын бағалау) | 40-64% | 3 |
| 10 | Білім алушылардың сауалнама нәтижелерін талдау | 99,9% | 5 |
| 11 | Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау | 97% | 5 |
| 12 | Ата-аналардың (заңды өкілдер) сауалнама нәтижелерін талдау | 94,3% | 5 |
| | **Барлығы** | | **43 балл** |

**Қорытынды:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-тарау 7-тармағында көрсетілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін, білім беру қызметінің нәтижелерін бағалау үшін білім беру қызметтерін көрсету сапасының деңгейіне сәйкес **43 балл «жақсартуды қажет етеді»** («**35**» -тен 44-балға дейін «жақсартуды қажет етеді») деп бағаланды.

**Комиссия төрағасы:** Г.С.Жандельдина
(толық аты-жөні)

**Комиссия мүшелері:** Г.М.Асладин
(толық аты-жөні)

Г.Б.Асладин
(қолы) (толық аты-жөні)